

# Дуалы сөзімен хандарды қалтыратқан Тәттіқара



Тәтіқара Ақын Қостанай өңірінде, Сарықөл маңында туып-өскен. Кедей ортадан шығады және бір уақыттарда Абылай ханның сүйікті адамы болғанына қарамастан, өмір-бойы жоқшылық тақсіретінен құтыла алмаған тәрізді. Қазақ халқынның басынан өткен ұрыс-соғыстарға қатардағы жауынгер ретінде қатысқан ол көне заман батырлары, олардың ел қорғаудағы ерлік істері туралы жұрттың рухын көтеретін үлкенді-кішілі жырлар айтумен қатар, өз жанынан күнделікті әскери өмірге қатысты, жауынгерлерді қындықтарға мойымауға, ерлікке, құреске үндеген өлеңдер шығарып отырған. Бұл елгезектік өз кезінде Тәтіқара шығармаларының халық арасына кең тарапалуына жол ашады. Тәтіқара, әсіресе, 1756 жылы қазақ жерінің шегіне кірген Цин басқыншыларына қарсы құрес күндерінде туған өлеңдері арқылы мәшһүр болады. Біздің заманымызға қарбалас шақтарда, от-жалында туған толғауларының кейбір нұқалары ғана жетті

Ассалаумағалейкүм, жайсандар мен қасқалар, Адам  
көнлін жоқтық шіркін баспалар. Тұзде жүрсем -  
батырмын, Үйге келсем - пақырмын. Таңертеңгі  
ішкен шалап Қарында емес, қуықта, Ажал шіркін  
алыста емес, жуықта. Тұссендер - міне қара лашық,  
Тұспесендер - жолың ашық!



Қамыстың басы майда, тұбі сайда Қамыстың басы майда,  
тұбі сайда, Жәнібек Шақшақұлы - болат найза! Алдыңдан  
су, артыңдан жау қысқанда, Ер жігіттің ерлігі осындайда.  
Бөкейді айт сағыр менен дулаттағы, Деріпсәлі, Мандайды  
айт қыпشاқтағы! Өзге батыр қайтса да, бір қайтпайтын  
Сары менен Баянды айт уақтағы! Ағашта, биқті айтсан,  
қарағайды айт, Жігіттік, ерлікті айтсан, Бөгембайды айт!  
Найзасының ұшына жау мінгізген - Еменәлі керейде ер  
Жабайды айт!



Абылай ел билеп тұрған тұста болса  
керек

жасы біразға тақаған қарт Тәттіқара

Абылайға қатты өкпеліп болып

талай үрыста, талай қырғында бірге

жүрген ханымен ар күйрығын кесіпті

- Бірде Абылай хан ұрыс алдында жарлық береді. Онысын батырлар әуелі ұқпай қалады. Ал ұққан кезде бүйрықты орындаудан бас тартады. Батырлардың өзіне бағынбағанын көріп, Абылай қаһарын төгіп, оларды жазаға тартпакшы болады. Бірақ осы арада Тәтіқара жырау өзінің атақты жырын толғайды:

Кеше тоқыраулы судың бойынан,  
Тоқал терек түбінен,  
Ніл дарияның басынан,  
Құмкент шәрінің қасынан,  
Перінің қызы перизаттан туған,  
Қара Мерген атасы,  
Сөзімнің жоқ қатасы.

Кеше бұл тұрымтайдай ұл еді-ау,  
Түркістанда тұр еді-ау,  
Әбілмәмбет ағана  
Қызметте жүрген ұл еді-ау,  
Үйсін Төле билердің  
Түйесін баққан теріс аяқ құл еді-ау!

Дәл жиырмага келгенде  
Ақ сұңкар құстай түледі,  
Аузын тасқа біледі,  
Дүшпанға табан тіреді.  
Үш жүздің баласы  
Ақылдасып, жолдасып,  
Хан көтеріп еді.  
Үш жүздің баласын  
Бір баласындай көрмеді.

Ат құйрығын сүзіндер,  
Аллалан атқа мініндер,  
Ханталау қылыш алындар!  
Сөйтіп, Ордага ханталау жасала жаздайды. Ақыры, Абылай өз қателігін  
мойындалап, бұйрығын бұзады.

Кебеже қарын, кен құрсақ  
Артық туған Абылай,  
Көтере көр бүл істі:  
Көп қытайдың жылқысы  
Тұрымтайдай құнысты,  
Жау жағадан алғанда,  
Ит етектен алғанда,  
Ер Абылай қорыққан жоқ,  
Әншейін еңкейе бере жылысты.  
Бәсентиін Сырымбет  
Оқ жіберіп ұрысты.  
Ақыл қалмас қашқанда,  
Дегбір қалмас сасқанда,  
Баяндай ерді көрмессің  
Бұрылыш жауды шанышқанда!

Жырау 1780 жылы Қостанай маңында  
дүние салған оның өлімі туралы бірнеше  
деректер бар  
соның бірі ол Абылай мен арада болған  
ренжістен кейін іш құса  
богып дүние салған көірнеді